

Армандар орындалады...

1. ҮЙ. АС БӨЛМЕ. ДАСТАРХАН БАСЫНДА ӘКЕСІ, АНАСЫ, ХАДИША ОТЫРАДЫ.
ХАДИША ШӘЙІН АРАЛАСТЫРЫП ОЙЛАНЫП ОТЫР.

Хадина: Әке, не ғой? Мен биыл 11-сыныпқа өттім. Мектеп бітіруіме де аз қалды. Енді, нақты мамандықты таңдауым керек дегендей.

Әке: Оның не ойланатыны бар? Мұғалімдікке түсіреміз.

Хадиша: Жоқ. Мен өз қалауымды айтайын да. Менің арманым басқа шығар.

Әке: Мен білемін ғой сенің арманыңды. Әртіс болу ма?

Хадиша: Иә. Әртіс болғым келеді. Өнер адамы болғым келеді. Несі бар?

Әке: Жоқ, қызым. Олай болмайды. Жалпы әртістерді білеміз ғой. Ондай қылтың-сылтың мамандық керек емес. Ертең жүресің ба той-томалақ қуалап?

Хадиша: Әке, актриса болу деген тойда жүру деген сөз емес қой. Олай саяз қарамасаңызшы.

Әке: Қызым. Мақұл. Тойға шықпайды екенсің. Қарашы мынаны. Ертең ол жұмыспен ары қарай көгере аласың ба? Жұмыс табыла ма? Қазір, сен жәй қызығушылықпен айтып отырсың. Жұлдызың жанып, бағың ашылып кетпесе бұл мамандықтың, жалпы өнердің қажеті жоқ.

Хадиша: Сізге дәлелдесем ше?

Әке: Не дәлелді айтып тұрсың?

Хадиша: Білмеймін өзім де нақты. Бірақ, өнердің қандай мықты сала екенін дәлелдей алсам... Рұқсат бересіздер ма?

Әке: Қызым, мені де, өзіңді де қинамашы. Оданша тыныш қана мұғалімдікке түсе сал. Мұғалімдердің жалақысы да жақсы. Тұрақты жұмыс. Оның үстіне қыз балаларға да әдемі жұмыс.

Хадиша: Жарайды. Мен болдым. Егер, сізге дәлелдейтін болсам, маған қарсы болмайсыз деп сенемін.

(пауза. Хадиша шығып кетеді)

-

(Хадиша скамейкада ойланып, көңіл-күйсіз отыр. Кенет жақын жерде өнердегі ағасын көріп қалады.)

Хадиша: Оо Аян аға қалайсыз? Жағдайыңыз жақсы ма?

Аян: Жақсы қарындасым. Өзің қалайсың? Әкең қалай? Жақсы ма жағдайы?

Хадиша: Жақсымын сол

Аян: Неге көңіл-күйің жоқ? Дұрыс па бәрі?

Хадиша: Иә, дұрыс бәрі. Өзіңізде не жаңалық? Концерттерге шығып жатсыздар ма?

Аян: Иә. Болып жатыр концерттер. Сооол, өнер адамы болған соң үнемі осылай формада болу керек дегендей. Кішкене жаттығу жасап жатқан түрім ғой.

Хадиша: Күшті! Өнер адамы болған деген жақсы ғой. Сахна, камера, көрерменнің ыстық шапалағы! Менің де арманым сол өнер адамы болу! Бірақ, әкем қарсы болып жатыр. Шыны керек, соған кішкене көңіл-күйім түсіп тұр.

Аян: Ааа түсінікті. Қысқасы, арманың өнер адамы болу ма?

Хадиша: Әрине! Бала күннен бері актриса болуды армандап келемін. Жаңа әкеме, сізге өзімді дәлелдеймін деп шығып кеттім!

Аян: Иә дұрыс! Дәлелде! Өзіңді көрсет! Арманың үшін күрес! Арманыңды сатпа! Арманыңа нық қадам жаса! Сенің арманың - саған ғана тиесілі! Ендеше тек алға! Әкеңе өзіңді танытып, көрсетсең саған батасын береді! Маған сен!

-

(Хадишаға осы сөздер қатты әсер етіп, мотивация пайда болады. Аянға рахметін айтып, бөлмесіне барып онлайн кастингтер іздейді. Олармен сөйлеседі. Кастингтер тізімін заметкаға жазады. Кастингтерге барған эмоцияға/арманға толы кадрлар кезегімен музыка аясында көрсетіледі)

-

(Хадиша ұзақ уақыт бойы кастингтерге барып,өзін сынап,тынбай еңбек етеді.Бірақ нәтиже жоқ.Ешкім хабарласпайды.Көңілі түсіп,жылап,айнаға қарап,ішкі ойларын айтады)

Хадиша:Қаншама уақыт өтті.Кастингтен-кастингке барып,қанша әрекет етіп жатырмын.Бірақ,нәтиже жоқ...

Шынында әкемнің айтқаны дұрыс шығар.Мен өнер адамы емес шығармын.Мұғалімге түсермін...

-

(Хадишаның ұялы телефонына кенеттен,хабарлама келеді.Хабардамада оның басты рөлге өткені және кинокомпания онымен келісім шартқа тұрғысы келетінін жазады)

Хадиша: (қуанып) Әкешім, мынаны қараңыз!

(Әкесі өз көзіне сенбей, қызының соншама еңбегін, әрекетін көріп, оған дейін қызының арманына балта шапқысы келгенін аңғарады. Өз кінәсін сезіп..)

Әке: Қызым..... Сәттілік! Бердім батамды!

(Хадиша мақсатына жеткен сәті мен әкесі екеуінің қуаныл эмоциясымен кадр жабылады)